

Ж.З. КАДИНА

**МЕНТАЛИТЕТ КОНЦЕПТИСІНІҢ ОНТОЛОГИЯЛЫҚ ТАБИҒАТЫ  
ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ ҰҒЫМЫМЕН АРАҚАТЫНАСЫ**

«Менталитет» ұғымын бірталай зерттеушілер ұлттық мінез ұғымымен тығыз байланыстырып, кейде біріне-бірін шатастырады. Мәселен, менталитет тікелей ұлттық мінездің көрінісі деп санайды. Осындай көзқарас XIX – XX ғасырда кең тараған. Біраз ғалымдар менталитетті «ұлттық мінездің» синонимі деп қарастырған. «Менталитет» және «ұлттық мінез» ұғымы ұлттық психикалық құрылымының көрінісі ретінде зерттеліп, осы құбылыстар темперамент ерекшелігімен және халықтың эмоциональдық реакцияларымен байланыстырған. Қ. Жүкеш өзінің «Ұлттық психологияның сипаты» еңбегінде ұлттық психологияның құрылымын сипаттай келе, оның құрамындағы үш компонентті атайды: ұлттық мінез, ұлт-тық мүдделер мен қажеттіліктерді сезіну, ұлттық сана-сезім [1].

Н. Елікбаевтың пікірінше, ұлттық рухани бейнесінің екі жағы бар: идеологиялық және психологиялық. Идеологиялық жағына әдебиет, өнер, ғылым, фәлсафа, діни ұғымдарды жатқызуға болады. Психологиялық жағына психология, ұлттық сезім (әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер жатады [2]). Олар үнемі диалектикалық байланыста болады. Халықтардың психологиялық ерекшеліктері жалпыұлттық және таптық категория. Ұлттық психологияның ұлттық және таптық жақтарының өзара ықпалы ұлттық түрлеріне және даму сатыларына сәйкес келеді. Әрбір халықтың ұлттық психологиясының ерекшеліктері табиғи, географиялық, материалдық, мәдени жағдайларға сәйкес, ортақ өмір сүру негізінде және ортақ күресті жүзеге асыру жағдаяттарында қалыптасады. Осының нәтижесінде әрбір адамда ұлттық мінездің белгілері пайда болады және ұлттық сезім, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды біліп, сақтау дағдылары сомдалады. Әрбір ұлттық және халықтың ұлттық мінезінде сондықтан да ұлттық мінездің қарама қарсы белгілері кездеседі: қайырымдылық және қаталдық, жомарттық және тойымсыздық, өзін-өзі жақсы көру, менмендік және мешандық қасиеттер [2, 8].

Н. Елікбаев ұлттық психологияның құрамындағы ұлттық мінезді бастапқы компонент ретінде қарастырады. Оның белгілері: еңбекқорлық, еркіндік сүйушілік, қонақжайлылық, батылдық және қатқылдық. Осындай ұлттық мінездің белгілері әртүрлі ұлттардың өкілдеріне сай болса, олар әр ұлттың өмір сүру тәсілінің өзгешелігіне байланысты әртүрлі түрде

көрініс беріп, әртүрлі түрде сомдалынады [2, 11]. Сөйтіп, ұлттық мінезді үйреншікті дағдылар мен әдеттердің жиынтығы деп қарауға болады. Олар тарихи кезеңдерде қалыптасып, халықтың қоғамдық-өндірістік тәжірибесі арқылы қалыптасқан. Ұлттық мінез барлық халықтарға тән. Жалпы және өзгешеліктік қасиеттердің бірлігі [2, 11]. Сондықтан да, біздің ойымызша, менталитет пен ұлттық мінезді бірдей ұғым ретінде қарастыруға болмайды. В.С. Кукушкин, Л.Д. Стефаненконың менталитет пен ұлттық мінезді жақындастыруын біз теріс көреміз, себебі осы авторлар менталитетті де, ұлттық мінезді де психологиялық құбылыстармен байланыстыра отырып, осы екі терминге ұқсас анықтама береді: «Менталитет – қоғамның барлық мүшелерінде әлеуметтік тәжірибе негізінде қалыптасатын психологиялық астары бар ойлау және мінез-құлықтың, қалыптың, менталитеттің көріністері [3, 147].

А. Қасабек және С. Қасабектің ойынша, «менталитет» ұғымының қалыптасуына психологиялық факторлар: (салт-дәстүрлер және өмір сүру тәсілі, ұлттық мінезбен байланысты қырлары әсер етті, себебі менталитет және психология бір-бірімен өте ұқсас. Олар бейсаналық түрде пайда болып, адамдардың мінез-құлқына тікелей ықпал жасайды [4, 16]. Менталитетті және халықтық психологияны үнемі жақындастырып, бірге қарастыруға болмайды, өйткені олардың елеулі, көзге түсетін айырмашылықтары бар. К. Жүкештің пікірінше, оларды келесі факторлар бойынша ажыратуға болады: 1) ұлттық психология – тұрақты құбылыс, ол қалыптасқан, орнықты факторлардың жүзеге асырылғанының нәтижесінде пайда болады. Осындай үнемі қалыпты түрде сақталатын факторларға келесілерді жатқызуға болады: елдің тұратын аумағының табиғи және климаттық жағдайы, дәстүрлі шаруашылықтың тұлғасы, халықтың бастан кешірген тарихы, тілі, мәдениеті, солармен қоса қалыптасатын салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар және өмір тәсілі. Ал менталитеттің факторлары мүлдем басқаша болады. Олар үнемі тұрақты емес, ауысып отыратын жағдайлармен байланысты, мәселен, өкіметтің өткізетін саясаты, әлеуметтік күйзелістер және катаклизмдер, идеологиялық шаралар. Демек, психологияны өзгерту қиын, дейді автор, ал, менталитет – құбылмалы көрініс, оны идеологиялық, әлеуметтік және

экономикалық шаралар арқылы немесе білім деңгейін көтеру нәтижесінде өзгертуге болады [5,18].

Ұлттық психология мен менталитетті салыстыру нәтижесінде оларды ажырататын белгілерді көрсетуге болады. Біздің ойымызша, оларға келесі факторлар жатады: 1) географиялық және әлеуметтік-тарихи, экология, орта, климатпен байланысты жағдайлар, халықтың шұғылданатын шаруашылығының түрі, өмір тәсілі, тарих, тіл, салт-дәстүрлер, мәдениет (ұлттық психология) – өктемдік жүргізетін режимнің психологиясы, ұлттық құндылықтар, әлеуметтік күйзелістер (менталитет); 2) ұлттық психологияны өзгерту үшін бірнеше ғасырлар керек, ал менталитетті тез құбылып, үнемі өзгеріп отыратын құбылыс болғандықтан қысқа тарихи мерзімде ауыстыруға болады; 3) Ұлттық психология тек қана бір этносқа тән құбылыс, ал менталитеттің жалпы қоғамға, өркениетке қатынасы бар.

Е.А. Ануфриева және Л.В. Лесной да өзінің «Россиялық менталитет – әлеуметтік-саяси феномен» еңбегінде «Менталитет» пен «Ұлттық мінез» ұғымдардың арақатынасын қарастыра отырып, менталитетті «ұлттық мінезден» мүлдем бөлек ұғым ретінде зерттейді. Осы ғалымдардың пайымдауынша, менталитетті тек қана халықтың психологиялық астары бар құбылыс ретінде сипаттамай, оны халықтың ұлттық, әлеуметтік, таптық, адамның әлеуметтік-психологиялық хал-ахуалы ретінде көрсету керек дейді.

Осындай әлеуметтік хал-ахуалы тарихи ұзақ мерзімде құрылған, табиғи, географиялық, этникалық, әлеуметтік-саяси, мәдени жағдайлардың әсері нәтижесінде қалыптасқан және осындай әлеуметтік-психологиялық халықтың хал-ахуалы бұрынғы мен қазіргінің органикалық байланысы негізінде дамыған және өрістеген. Менталитет осындай жағдайлардың әсерінің нәтижесінде тарихи және генетикалық жағынан құрыла және өңделіне отырып, тұрақты әлеуметтік-психологиялық қасиеттердің жиынтығы ретінде көрініс береді. Менталитет осындай әлеуметтік-психологиялық қасиеттердің органикалық тұтастығы, мәселен, россияндардың, немістердің, ағылшындардың менталитетті, т.б. халықтардың айтуға болады. Осындай әлеуметтік-психологиялық қасиеттердің органикалық тұтастығы дәл осы адамдардың жиынтығының өмірлік іс-әрекеттердің көп жақтарын белгілейді. Ол олардың рухани және материалдық өмірінде жүзеге асырылады және олардың мемлекеттік және әртүрлі қарым-қатынастардың өзгешелігінде көрініс береді [6,33].

Демек, «менталитет» ұғымын тек қана психо-

логиялық астары бар құбылыс ретінде қарастырмай, оны әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде зерттеу керек. Бұл көзқарасты біз орынды және дұрыс деп санаймыз. Шынында да менталитет ұғымының ауқымы кең. Біздің ойымызша, «ұлттық мінез» менталитеттің құрамына кіретін компонент оны менталитеттен аса білмей, айырмашылықтары болса да бір-біріне жақын феномендер ретінде санау қажет.

«Менталитет», яғни «діл» ұғымын да, «ұлттық мінез» феноменімен аса жақындастырмай қарастыру керек. Кейбір ғалымдар осы екі ұғымды тым жақын ұғымдар ретінде зерттейді, мәселен О.Даун «Шведтердің ділі» еңбегінде психологиялық тестілердің нәтижесімен қатар швед қоғамының әлеуметтік зерттеулерін бірге қарайды. Біз бұл пікірді қолдай алмаймыз, себебі «менталитетті» кең ауқымды феномен ретінде түсінеміз. Менталитет бірнеше деңгейлік құрылым. Оның құрамында келесі деңгейлер бар: табиғи және мәдениеттік, рационалдық және эмоционалдық, саналы және бейсаналық түрде білінетін ұғымдарды жүзеге асыратын құрылым, жеке және жалпылық. Осы барлық қарама-қайшылықта тұратын жақтар ділімділік дәрежесінде қиылысып, оның құрылымдарында көрініс береді. Ұлттық мінездің ұғымының көлемі онша ауқымды емес. Ол – менталитеттің негізгі қасиеттерін іс-қимыл, мінез-құлық, қылықтар арқылы жүзеге асырып отырғызатын қажетті тәріз. Ұлттық мінез көпқырлы құбылыс. Ол көбінесе ұлттық психологиялық деңгейде көрініс табады. Т.К. Бурбаевтың пайымдауынша, ұлттық мінез темпераментпен, эмоционалдық көңіл күймен, психогенетикалық құбылыстармен, әлеуметтік-мәдени орта қалыптастырған психикалық әдеттермен байланысты [7,40].

Егер де ұлттық мінездің психологиялық астары бар психологиялық ұғымдарға жақын құбылыс ретінде қарастырылса, онда менталитет әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде зерттелінеді, себебі жеке және ұжымдық, танымдық көзқарастық негізі бола отырып, этностың әлеуметтік және психологиялық қасиеттерінің ерекшеліктерін көрсетеді. Оның әлеуметтік және психологиялық қасиеттерін келесі ғалымдар берген анықтамалардан жинастырып, топшылауға болады: 1) менталитет – белгілі географиялық және әлеуметтік ортада тұратын белгілі тарихи дәуірге жататын адамдардың санасыздерінің, ой-елестерінің, көзқарастарының жиынтығы. Бұл қоғамның ерекше түрде қалыптасқан, тарихи және әлеуметтік үдерістерге әсер ететін психологиялық қалпы [8]. Бұл анықтамада И.Т. Дубов менталитетті психологияға жақын ұғым ретінде си-

паттап, оған адамдардың психологиялық өмірінің ерекшелігі деп көрсетеді. Б.П. Шулындин менталитеттің әлеуметтік-психологиялық қасиеттеріне назар аударып, менталитетке келесі анықтама береді: «Менталитетті жеткілікті, тұрақты географиялық, геосаяси және әлеуметтік факторлардың әсерінде қалыптасатын стереотиптер жүйесі мен мінез-құлықтағы және сезімдік-эмоциялық реакциядағы тұрғыдағы өзара бағынышты – басыңқы құндылықтардың көрінісі деп анықтауға болады [9,50]. Бұндай көзқарас негізінде қоғамдық, саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, геосаяси факторлар жатыр.

В.С. Барулин менталитетті қоғам мен адамның ұзақ мерзімде қалыптасатын байланысы ретінде қарастырып, оның құрамында келесі факторларды бөледі: а) мәдени-қоғамдық. Олардың түбірін қоғамдық өмірдің құрылымдарында табуға болады; б) табиғи (адам тұратын ортаны сипаттаумен қоса адамды да жан-жақты зерттейді; в) рационалдық (ғылым, философия, саяси, идеология); г) эмоция-психологиялық факторлар (ұстанымдар, аффектілер); д) жеке және жалпылық құрылымдар.

Т.К. Бурбаев менталитетті әлеуметтік-психологиялық және мәдени феномен ретінде зерттейді. Ғалымның пайымдауынша, менталитеттің құрамында екі деңгейді анықтауға болады: Бірінші деңгейде әлеуметтік-мәдени құндылықтар, үлгілер, тәжірибелер. Олар мінез-құлықтар арқылы жүзеге асырылады; екінші деңгейде – жасампаздық құбылысы жүзеге асырылады. Бұл деңгей ескі мен жаңаның күресі арқылы сипатталады [10,32].

Менталитет белгілі әлеуметтік-мәдени ақпаратты ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады. Бұл ақпараттың негізінде халықтың мәдени құндылықтары, стереотиптер, ритуалдық іс-әрекеттер, салт-дәстүрлер, мифологиялық образдар мен архетиптер туралы ұжымдық бейсаналық түрде жеткізілетін мәліметтер бар.

Мінез-құлық әлеуметтік-мәдени ақпаратты тікелей іс-қимыл арқылы көрсететін құрал. Бізше, менталитет пен ұлттық мінездің айырмашылықтарын келесі белгілер арқылы көрсетуге болады: 1) менталитет пен ұлттық мінез-құлық басыңқы бағынышты иерархияда. Менталитет – басыңқы ұғым, ұлттық мінез-құлық – бағыныңқылы, менталитеттің құрамына кіретін ұғым; 2) менталитетте психологиялық белгілермен қатар, әлеуметтік-мәдени, табиғи факторлар орын алады, ал ұлттық мінезде психологиялық астар басыңқылау; 3) менталитет психологиялық әлеуметтік-мәдени ақпараттық жиынтығы, ал ұлттық мінез – іс қимыл, қылық; 4) менталитет әлеу-

меттік-мәдени, психологиялық, ғылыми, саяси, әлеуметтік-саяси ақпараттарды көбінесе тіл арқылы жеткізеді, ал ұлттық мінез-құлықтың трансляция арналары – іс-қимыл, қылық және тіл.

Менталитет пен мінез-құлықтың тағы да бір айырмашылығы әлеуметтік ұстанымдарды білдіру. Әлеуметтік ұстанымдарға қоғамдық материяның қозғалысын көрсететін әлеуметтік тұлғаларды жатқызуға болады. Қоғам осы әлеуметтік тұлғаларды қажеттілігіне қарай пайдаланып, қоғамдық өмірдің орбитасына қатыстырып отырады. Менталитет – осындай әлеуметтік ақпараттың тұрақты тереңінде жатқан қабаты, ал мінез-құлық көбінесе психологиялық ұстанымдарды білдіреді, бірақ мінез-құлықтардың түбінде әлеуметтік ұстанымдардың жаңғырығы да бар, себебі әр халықтың, мінездің негізінде халықтың, қоғамның менталитеті сақталады.

Әлеуметтік ақпаратты жүзеге асыратын тәсілдердің үш тобын атауға болады. Олар: 1) өндіріс құралдары белгілі заттарға айналған еңбек нәтижелері объективтік әлеуметтік қатынастар;

2) тіл (табиғи тіл және әртүрлі тілден тыс семиотикалық кодтар);

3) символдар, яғни нышан. Адамның белсенді қимылының нәтижелерінің символикалық қырын көрсетуге болады, мәселен, сөз, мінез-құлық, ишарат, іс-әрекет тұлғасы – бәрінің де символикалық қыры бар.

Тіл – менталитетті жүзеге асыратын маңызды трансляциялық арнаның бірі. В.В. Колесов сондықтан да «тілдік ментальность» терминін ғылыми қолданысқа ендіріп, тілдің құрылымдарында менталитет белгілерін қалай жүзеге асырылатынын дәлелдеп отыр. Ғалымның пайымдауынша, орыс тілінің құрылымдарында сана-сезімнің ментальдық белгілері бар [11].

Менталитеттің концептуальдық тұлғасын дәлелдеуге болады, себебі онда концептілердің белгілері бар: біріншіден, ол ментальды-семантикалық кешен. Оның ментальдық қабатында тағдыр, әлем, уақыт, кеңістік мәселелерінің түсіну және қабылдау үдерістерінде асырылатын ерекше көз-қарастың жиынтығы жатыр, құндылықтар туралы білім бар. Семантикалық астарында лингвистикалық ақпараттар сақталған. Осындай концептінің мәдени айқындықтарына жеке және ұжымдық бейсаналықтарды (архетипті) жатқызамыз. Менталитет концептісінің құрамында сонымен қоса бағалылық компоненттер бар. Олар жеке адамның не ұжымның белгілі бір затқа деген көзқарасы, бағасын көрсетеді. Экспликация тәсілі – тілдік тұлғалар.

Менталитет концептісінің құрамында келесі

құрылымдар бар: 1) ұғымдық құрылым. Ол «менталитет» туралы белгілі ұғымды жүзеге асырады. Менталитетті әлеуметтік-мәдени конструкт ретінде қарастырып, оған келесі анықтама беруге болады: менталитет – белгілі бір дәуірде тұратын адамдардың сол кездегі қоғамның ой-елестерінің, сана-сезімдері туралы әлеуметтік ақпаратты беретін ұстаным. Оның әлеуметтік, мәдени және психологиялық астары бар, себебі ол әлеуметтік-мәдени ақпаратты жүзеге асырумен қатар, құндылықтар, салт-дәстүрлер, ритуалдар, мінез-құлықтар туралы түсінік береді. 2) мәнділіктік компонент. Ол «менталитет» ұғымының мағынасын білдіреді, сонымен қоса осы сөзде тілдің лексика-семантикалық жүйесіндегі орнын, қай тақырыптық топтарға жататынын белгілейді. 3) бей-нелілік компонент. Ол «менталитет» концептісінің қандай бейнелер, символдар арқылы көрсетуін қарастырады; 4) мәдени-ментальдық қабат. Осы қабатта архетиптер туралы түсініктер беріледі, халықтық әлеуметтік білімдер, мінез-құлықтар жүзеге асырылады; 5) атаулық тығыздық. Осы қабатта концептінің тіл жүйесіндегі көрінісі сипатталады, сол сөздің парадигматикалық, синтагматикалық қатынастары, әртүрлі тілдік байланыстары қарастырылады.

Қорыта айтқанда, менталитет және ұлттық мінез-құлықты әртүрлі концептілер ретінде қарастыруға болады. Менталитет – күрделі концепт. Мінез-құлық пен менталитет иерархиялық қарым-қатынаста болады. Олардың ара жігін айыратын және жақындататын белгілер бар. Мінез-құлық пен менталитетті концепті ретінде зерттеп, әлемнің тілдік суретінде сырттандыруға болады. Тіл және қылықтар концептіні жүзеге асыруға арналады.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Жүкеш Қ. Ұлттық психологияның сипаты. Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1993.
2. Елікбаев Н. Психология. Алматы, 1992.
3. Қукушкин В.С., Стефаненко А.Д. Этнопедагогика и этнопсихология. Ростов н-Д: Феникс, 2000.
4. Касабек А., Касабек С. Признание истины. Алматы: Ғылым, 1998.
5. Жүкеш Қ. Менталитет и психология // Мысль, 2006.
6. Ануфриева Е.А., Лесной Л.В. Российский менталитет как социально-политический феномен // Социально-политический журнал. 1997. №4.
7. Бурбаев Т.Қ. Қазақ менталитетін герменевтикалық тұрғыдан талдау ерекшеліктері // ҚазҰУ Хабаршысы. Серия философия, әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану. 2003. №2.
8. Дубов И.Г. Феномен менталитета: психологический анализ // Вопросы психологии. 1993. №5.
9. Шульдин Б.П. Российский менталитет в сценариях перемен // Социологические исследования. 1992. №12.
10. Бурбаев Т.Қ. Қазақ менталитетін герменевтикалық тұрғыдан талдау ерекшеліктері. Астана, 2005.
11. Колесов В.В. Язык и ментальность. М., 1990.